



«БЕКІТЕМІН»

ОӘЖ жөніндегі проректор
Нұрмуханбетова Д.К.

30.11.2022 ж.

Күндізгі және ҚББТ қолдануымен күндізгі қысқартылған оқыту нысаны бойынша бакалавриат студенттеріне аралық және қорытынды аттестаттау үшін ағымдағы, аралық бақылаудың біліміне бақылау жүргізу туралы Нұсқаулық (2022-2023 оқу жылы)

Ағымдағы және аралық бақылау. Рұқсат рейтингі.

1. Сабақтың барлық түрлерін ескере отырып, ағымдағы үлгерімді бақылауды бағалауды ПОҚ Platonus АИЖ базасындағы білім беру порталының электрондық журналдарында сабақтың қорытындысы бойынша 100 балдық шкала бойынша қояды.
2. Ағымдағы үлгерімді бақылау саны пәннің силлабусына сәйкес келеді.
3. 1 және 2 (АБ 1 және АБ 2) аралық бақылаулардың бағалары 7 және 15 аптада Platonus базасындағы білім беру порталының электрондық журналдарына 100 балдық шкала бойынша қойылады.
4. Ағымдағы үлгерімді бағалауды есептеу ағымдағы бақылаудың барлық бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде білім беру порталында автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.
5. «Жіберілу шегінің» рейтингісін (ДР) бағалауы ағымдағы үлгерімнің орташа арифметикалық бағасын (қорытынды бағалаудың 40%) және АБ1 және АБ2 бағаларын (қорытынды бағалаудың 20%) ескереді.
6. «Жіберілу шегінің» рейтингісі қорытынды бағаның 60 % құрайды.
7. Аралық бақылауға жіберу ведомостарын басып шығаруды Офис регистратор емтиханға дейін 1 күн бұрын жүзеге асырады.

Емтихан өткізу.

Емтихандар off-line және on-line гибриді форматында өткізіледі:

- бекітілген кестеге сәйкес;
- әр түрлі формада:
 - 1) билеттер бойынша ауызша;
 - 2) билеттер бойынша жазбаша;
 - 3) компьютерлік тестілеу;
 - 4) практикалық емтихан;
- ағымдағы оқу жылына ҚазСТА-ның 2022 жылғы 1 қыркүйектегі №07-05 бұйрығымен бекітілген қорытынды бақылау нысандарына сәйкес.

Емтихандарды өткізу рәсімдері.

Емтихан рәсімдерінің жалпы ережелері.

1. Емтихандар «Қорытынды бақылау формаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 1 қыркүйектегі № 07-05 бұйрыққа сәйкес және өткізілетін күнін, уақыты мен орнын қатаң сақтай отырып, бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі;
2. Объективті себептер бойынша емтиханды өткізу уақыты мен аудиториясының өзгеруі ОӘБ келісу бойынша жүргізіледі;
3. Емтиханға жіберу декандардың өкімдеріне (1-қосымшадағы нысан) және рұқсат рейтингінің ведомостарына сәйкес рұқсатқа қатаң сәйкес жүргізіледі;
4. Оқу ақысы бойынша қарызы бар білім алушы емтихандарға жіберілмейді. Емтихан сессиясына жіберу туралы өкімге кірмеген білім алушыларды кейіннен жіберу қарызды өтеу

кезінде факультет деканының жазбаша рұқсаты (2-қосымшадағы форма) бойынша жүзеге асырылады;

5. Емтихан сессиясын аяқтағанға дейін оған рұқсат алмаған білім алушылар академиялық борышкер болып табылады және оны жазғы семестр кезеңінде ақылы негізде өтейді;

6. Емтиханға барлық жіберілген білім алушылардың, оның ішінде жеке кестелер бойынша білім алушылардың қатысуы қатаң міндетті;

7. Білім алушы объективті себептер бойынша (ауру, жарыстар, жиындар) кестеде белгіленген мерзімдерде емтиханға қатыса алмаған жағдайда, білім алушы деканатты дер кезінде хабардар етуге және емтиханды ертерек немесе кеш мерзімге ауыстыру туралы ОӘЖ жөніндегі проректордың атына өтініш беруге тиіс;

8. Емтихан мерзімдерін ауыстыру деканның ауыстыру туралы өкімі шығарылатын негізде ОӘЖ жөніндегі проректордың жазбаша рұқсатымен растайтын құжаттар ұсынылған кезде жүргізіледі;

9. Дәлелді себепсіз емтиханға келмеу қанағаттанарлықсыз бағалауға теңестіріледі. Бұл жағдайда білім алушы қайта емтиханға жазылады және қайта емтихан тағайындау үшін бекітілген тарифке сәйкес жазғы семестр кезеңінде ақылы негізде емтихан тапсырады;

10. Студент жазбаша емтиханға кешіккен жағдайда (15 минуттан артық емес рұқсат етіледі) емтиханды аяқтау уақыты ұзартылмайды;

11. Емтихан барысында Академиялық адалдық қағидаттары сақталуы тиіс. Емтихан алушылар қағаз және электрондық ақпарат көздерін пайдаланбауы керек, бірақ өздерінің нақты білімдері мен дағдыларын көрсетуі керек;

12. Емтиханда білім алушыға пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (силлабус) пайдалануға рұқсат етіледі;

13. Емтихан аяқталғаннан кейін ПОҚ олардың нәтижелерін емтихан өткізілетін күні, жазбаша емтихан кезінде келесі күннен кешіктірмей Platonus АИЖ электрондық ведомосына енгізеді;

14. Қорытынды бағалауды есептеу ОР-да автоматтандырылған режимде жүргізіледі. Есептеу нәтижелері бойынша қорытынды ведомость көрсетіледі;

15. Оқытушы- емтихан алушы Тіркеу офисіндегі қорытынды ведомостарға қол қояды;

16. Емтихан сұрақтары, жауап нұсқаларын көрсетілмеген тест сұрақтары білім алушыларға оқу семестрінің басында ақпараттық стендтерде, Platonus АИЖ білім беру порталының жеке кабинеттерінде және силлабустарда орналастыру арқылы жеткізіледі.

Билет бойынша ауызша емтихан.

1. Ауызша емтиханды кафедра отырысының шешімімен бекітілген емтихан комиссиясы қабылдайды: тиісті топта сабақ өткізген ПОҚ қатарынан 1-ші емтихан алушы, кафедра меңгерушісінің тағайындауы бойынша ПОҚ қатарынан 2-ші, (3-ші) емтихан алушы;

2. Емтихан басталғанға дейін емтихан алушылар деканның сессияға жіберу туралы бұйрығын алады.

3. Емтиханға дейін емтихан алушылар кафедраларда бекітілген емтихан билеттерін және факультеттің мөрімен жауап парақтарының бланкілерін алады;

4. Ауызша емтихан кезінде студентке дайындалу үшін 20-30 минут уақыт беріледі;

5. Бір уақытта аудиторияда ауызша емтиханға қатысатын студент саны 8-ден аспау керек;

6. Емтихан алушының ауызша жауабы жауап парағымен бірге жүруі керек, онда студент өзінің тегін, билет нөмірін, сұрақтарын және жауабының қысқаша мазмұнын көрсетеді;

7. Емтихан аяқталғаннан кейін емтихан алушы деканатқа оқу жылы аяқталғанға дейін сақталуы тиіс жауап парақтарын өткізеді, содан кейін есептен шығарылады;

8. Емтихан билеттері кафедрада сақталуға тиіс;

9. Күндізгі және ҚББТ қолданумен күндізгі қысқартылған оқыту нысанының студенттері үшін ауызша емтихан өткізу форматы ОӘБ жөніндегі проректордың 17.11.22 жылғы №127 өкіміне сәйкес.

10. Күндізгі және ҚББТ-ны қолданумен күндізгі қысқартылған оқыту нысанында ауызша емтихандарды өткізу байланыс формасында жүзеге асырылады.

Билет бойынша жазбаша емтихан.

1. Жазбаша емтихан рәсімі кестеге сәйкес емтихан алушылар, әдетте, емтихан тобында сабақ өткізген оқытушының қатысуынсыз, ОӘБ, ОР қызметкерлерінің және прокторлар ұымдастыруымен өткізіледі;

2. Емтихан алушылардың міндетіне деканның өкіміне және рұқсат рейтингінің қағаз тізімдемесіне сәйкес емтиханға жіберуді жүзеге асыру, емтихан алушыларға билет тандауды ұсыну, емтихандағы тәртіпті қамтамасыз ету және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау кіреді;

3. Емтихан алушылар жазбаша емтиханның билеттері мен жауап парақтарының бланкілерін ОӘБ-нен, тиісті кафедрадан рұқсат рейтингінің қағаз ведомостарын алады;

4. Жазбаша емтиханның жауап парақтарында емтихан алушының тегінің орнына код қойылады.

5. Жазбаша емтиханның ұзақтығы 60 минутқа дейін;

6. Бір уақытта аудиторияда жазбаша емтиханға 60-тан аспайтын студент қатыса алады. Билеттер саны студенттер санынан көп болады. Емтихан өткізу кезінде екі және одан да көп билеттер жиынтығы ұсынылады;

7. Емтихан рәсімі аяқталғаннан кейін емтихан алушылар тиісті кафедраға билеттері бар жауап парақтарын тексеруге тапсырады;

8. Студенттердің жазбаша жұмыстарын кафедра меңгерушісі бекіткен тізімге сәйкес пән оқытушылары тексереді;

9. Жауап парақтарындағы жазбаша жұмыстарды тексерушілер 100 балдық шкала бойынша баға қояды;

10. Жауап парақтарында қойылған бағалар Platonus АИЖ электрондық журналдарына емтихан бағаларын беретін оқытушымен келісіледі;

11. Тексерулер мен келісулер аяқталғаннан кейін емтихан тобында сабақ өткізген оқытушы ОӘБ-ге жауап парақтарының кодтарының кілттерін алады және емтихан нәтижелерін білім алушының тиісті тегі кодына қағаз және электрондық емтихан ведомосына енгізеді;

12. Оқытушы толтырған ведомость Офис регистраторға беріледі;

13. Жазбаша жұмыстарды тексеру аяқталғаннан кейін кафедра лаборанты тиісті деканатқа оқу жылы аяқталғанға дейін сақталуы тиіс жауап парақтарын өткізеді, сосын есептен шығарылады.

14. ОӘБ жөніндегі проректордың бастамасы бойынша қойылған бағаға жазбаша жауап мазмұнының сәйкестігін айқындауға жауаптар парақтарын қайта тексеру жөніндегі комиссия құрылуы мүмкін;

12. Емтихан билеттері емтихан өткізілгеннен кейін кафедраға қайтарылады;

13. Күндізгі және ҚББТ қолданумен күндізгі қысқартылған оқыту нысанының студенттері үшін жазбаша емтихан өткізу форматы ОӘБ жөніндегі проректордың 17.11.22 жылғы №127 өкіміне сәйкес.

14. Күндізгі және ҚББТ-ны қолданумен күндізгі қысқартылған оқыту нысанында жазбаша емтихандарды өткізу байланыс формасында жүзеге асырылады.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан.

1. Компьютерлік тест түріндегі емтихан рәсімін емтихан алушылар, әдетте, емтихан тобында сабақ өткізген оқытушының қатысуынсыз Офис регистратор қызметкерлері мен кезекші оқытушы (проктор) қатарынан жүргізеді;

2. Компьютерлік тестілеуге арналған тест материалы тиісті кафедралардың ПОҚ білім беру порталының базасына әзірленеді және енгізіледі;

3. Емтихан тестін тағайындауды ОР жүзеге асырады;

4. Компьютерлік тестке уақыт 1 сұраққа 2 минут есебінен бөлінеді;

5. Компьютерлік тест нысанында емтихан өткізу кезінде бір күнде модульдің 3 пәніне дейін емтихан тағайындауға рұқсат етіледі;

6. Тест нәтижелері автоматтандырылған электрондық ведомостарға енгізіледі;

7. Күндізгі және ҚББТ қолданумен күндізгі қысқартылған оқыту нысанының студенттері үшін компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан өткізу форматы ОӘБ жөніндегі проректордың 17.11.22 жылғы №127 өкіміне сәйкес.

8. Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихандар міндетті прокторингпен «Platonus» АИЖ-да жүзеге асырылады.

Апелляция.

1. Білім алушылардың аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау емтихандарының нәтижелерін апелляцияға беруге құқығы бар.

2. Апелляциялық комиссия кафедралар бөлінісінде ПОҚ арасынан университет бойынша бұйрықпен құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары, әдетте, кафедра меңгерушілері болады.

3. Апелляциялық комиссияның құрамы бойынша бұйрықты ОӘБ енгізеді:

1) бітіруші кафедралар меңгерушілерінің ұсынуы бойынша оқытудың барлық нысандары бойынша емтихан сессиялары кезеңіне;

2) Қазақстанның қазіргі тарихы пәні бойынша әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы меңгерушісінің ұсынысы бойынша, Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша мемлекеттік емтихан басталғанға дейін;

3) қорытынды аттестаттау бойынша, тиісті бітіруші кафедралар меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде қорытынды аттестаттау басталғанға дейін;

4. Апелляция рәсімі бақылау нәтижелерімен келіспеген білім алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады;

5. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылар емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляциялық комиссия төрағасының атына, МЕ және ҚА бойынша Академия ректорының атына өтініш жазады;

6. Білім алушылардың емтихан нәтижелерін апелляциялауға өтініштері (барлық форматтар) академияның СҚКО-да «білім алушылардың өтініштерін тіркеу журналында» тіркеледі.

7. СҚКО -дан білім алушының өтініші ОӘБ апелляциялық комиссияға беріледі.

8. Берілген өтініш негізінде апелляциялық комиссия мәселені қарайды және бақылау нәтижелерін өзгерту немесе апелляциядан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Апелляциялық комиссияның нәтижелері хаттамамен ресімделеді;

9. Апелляцияны оң қараған кезде апелляциялық комиссия шешімінің хаттамасы негізінде ОР маманы білім алушыға жеке емтихан ведомосін ресімдейді, ол негізгі емтихан ведомосіне қоса беріледі.

10. Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда қорытынды аттестаттау нәтижелері Қорытынды аттестаттау мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді, бірінші хаттаманың нәтижелері «Бағалау қайта қаралады» деген жазуы бар, _____ беттегі «___» _____ 202__ ж. №__ хаттамамен және Қорытынды аттестациялау комиссия мүшелерінің қол қоюымен өтеледі.

11. Аралық және қорытынды аттестаттаудың апелляциялық комиссияларының хаттамалары ОӘБ-де сақталады.

12. Апелляция процесін жүзеге асырудың толық алгоритмі ҚазСТА академиялық саясатында ұсынылған.

ОБ жетекшісі



С.С. Тулеугалиева

« 20 ж.

_____ рұқсат туралы

1. Төмендегі _____ факультетнің _____ курс студенттері, 20__/20__ оқу жылы жіберіледі :

№ п\п	Студенттің аты -жөні	Тобы, мамандануы

2. _____ бойынша берешегі бар _____ факультеті _____
курстың төмендегі студенттері _____ жіберілмейді:

№ п\п	Студенттің аты -жөні	Тобы	Ескерту

Факультет деканы _____ (КОЛЫ) _____ (Т.А.Ә.)

_____ факультетінің жіберілген/жіберілмеген студенттер контингенті
бойынша статистикалық есеп

Тобы	Студенттер саны	Олардың ішінен		
		жіберілді (студент саны)	жіберілмеді	
			Студент саны	%
1 курс				
Қорытынды:				
2 курс				
Қорытынды:				
3 курс				

Қорытынды:				
4 курс				
Қорытынды:				
Барлығы:				

Тарату: факультетке; бітіруші кафедраларға; ОӘБ; ОР.

Қосымша 2

Емтиханға/аралық бақылауға жіберу нысаны

Рұқсат беру емтихандарға / аралық бақылауға Т. А. Ә. _____ Берілген күні " _____ " _____ 20 ____ Деканның қолы _____ МП
